

**«БЕКТЕМІН»**

Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ

«№10 қалалық емханасы»

МКК-ның бас дәрігері

 Г.М.Айтматов

«20» 06 2024 жыл



**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының  
ШЖҚ «№10 қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының комплаенс-офицерінің**

**ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

**Шымкент қаласы - 2024 жыл**

«БЕКТЕМНІ»

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының

ШЖҚ «№10 қалалық емханасы»

МКК-ның бас дәрігері

М.Г. Айтматов

«20»

06

2024 жыл

## Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№10 қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының комплаенс-офицерінің

### ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерінің негізгі мақсаты Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№10 қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерінің міндеттері:
  - Кәсіпорын мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту, алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;
  - Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
  - Кәсіпорын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.
3. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - офицерінің функциясын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынандай қағидаттарды басшылыққа алды:
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерінің функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктігі;
  - басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер тиімділігіне мүдделігі;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерінің ақпараттық ашықтығы;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерінің тәуелсіздігі;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерінің функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзіреттерін үнемі арттыру.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері қызметінің функциялары:
  - 1) Келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:
    - Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі саясаты
    - Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі саясаты

- Кәсіпорын мүдделер қақтығысын анықтау мен Кәсіпорын реттеудің ішкі саясаты;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
  - Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат.
- 2) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
  - 3) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылдың 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген №14441) сәйкес Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;
  - 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және Кәсіпорынның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;
  - 5) Кәсіпорында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;
  - 6) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
  - 7) Кәсіпорын қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;
  - 8) Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;
  - 9) Кәсіпорын ұжымында жалпы қабылданған моральдық әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;
  - 10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдағы теңестірілген адамдардың заңнамада белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;
  - 11) Кәсіпорын құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;
  - 12) мүдделер қақтығысын, оның ішінде кәсіпорынға орналастыру, сатып-алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
  - 13) Кәсіпорында сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
  - 14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;
  - 15) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;
  - 16) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;
  - 17) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;
  - 18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңтайды;
  - 19) Кәсіпорын басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және оларды жою ұйымның қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру мақсатында ұсынымдар енгізеді;
  - 20) Кәсіпорын қызметінің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуекелдерге жою етпейтін және мүдделер қақтығысының туындауына әкел соның ішінде қорғаныс офицер, іскерлік әдеп, орнықты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

- 21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен квазимемлекеттік сектор субъектілермен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

**5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-офицер өз қызметінің шеңберінде:**

- 1) Кәсіпорын құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;
- 2) Кәсіпорынның басшысының қарауына құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;
- 3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;
- 4) Кәсіпорын басшылары басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсініктемелер талап етеді;
- 5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;
- 6) Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндегі туралы хабарлауы не Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады.

**6. Өз қызмеін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-офицері:**

- 1) Кәсіпорын туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-офицері функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялығын сақтайды;
- 2) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялығын қамтамасыз етеді;
- 3) Кәсіпорын басшысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болмауымен немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез-келген жағдайлар туралы уақытылы хабардар етеді;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;
- 5) Кәсіпорынға белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;
- 6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

Таныстым

Т.Т. Турман

қолы

Турман «20» 06

2024 жыл



Шымкент қаласының ДСБ ШЖК  
«№10 Қалалық емханасы» МКК

НҰСҚАУЛЫҚ нөмерленді және тігілді  
«4» парақта

Бас дәрігер  М.Г. Айтматов

«20» ав 2024 жыл

